

**«Заң шығару процесін одан әрі жетілдіру»
тақырыбына арналған Парламенттік тыңдаулардың
ҰСЫНЫМДАРЫ**

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатында «Заң шығару процесін одан әрі жетілдіру» тақырыбына арналған Парламенттік тыңдауларға қатысушыларды тыңдап,

- заңдардың тұрақтылығын қамтамасыз ету, құқық салалары бойынша заңдардың жиі өзгеру себептерін талдау, жаңа заңдарға өзгертулер енгізу бойынша шектеулер орнату;
- заңнамалық және заңға тәуелді деңгейлерде реттемелеуге жататын мәселелерді бөлу бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- заң жобалары мен сол заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын бір мезгілде әзірлеу бойынша міндеттерді орындау;
- нәтижелерін жоспарланатын заңшығарушылық қызметпен байланыстыра отырып, құқықтық мониторинг институтын жетілдіру;
- ғылыми сараптама жүргізу және ратификациялауға жататын халықаралық шарттардың жасалуына байланысты ұлттық заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігін айқындау;
- заң жобаларын сараптау нәтижелерінің сапасы үшін сарапшылардың жауапкершілігін енгізу;
- заң жобаларына түсіндірме жазбалардың мазмұны мен аналитикалық ақпаратын кеңейту, әсіресе қаржылық-экономикалық негіздемесін;
- басқа салалық заңдардан Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңына барлық нормашығарушылыққа қатысты ережелерді көшіре отырып, бірыңғай нормашығарушылық тәртібін реттеу;
- нормативтік құқықтық актілер жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізуді енгізу;
- талдау жұмысының сапасын жақсарту және ғылыми қоғамдастықтың қатысуын қамтамасыз етіу арқылы ұзақ мерзімді заң шығару жоспарын жетілдіру;
- заң жобалары жұмысының жоспарларын қалыптастыру тәртібін жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу;
- құқықтық актілерде әртүрлі түсіндіру нормаларына жол бермеу;
- заң жобаларында мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндердің теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ету;

- заң шығару процесіне цифрлық технологияларды енгізу;
- азаматтардың жаңа міндеттемелерін енгізетін заңдардың күшіне ену мерзімдерін заңнамалық түрде ұзарту, бөлінген уақыт ішінде мемлекеттік органдар бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде толық түсіндіру жұмыстарын жүргізуге міндетін енгізу;
 - түсінікті форматта азаматтар мен ұйымдардың күнделікті қызметінде басымды мағынасы бар құқықтық актілерді міндетті түрде түсіндіруді талап ететін мәселелерді айқындау;
 - мемлекеттік қызметтің барлық деңгейлерінде заңнама қызметтерінің сапасын арттыру
 - қажеттілігі туралы ұсыныстарды **ескере отырып**;

ҰСЫНАДЫ:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне:

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне норма шығармашылығын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын дайындау кезінде жоғарыда аталған ұсыныстарды ескеру.

2. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты жанындағы Заң шығару процесін одан әрі жетілдіру бойынша кеңеске:

Парламенттік тыңдаулардың ұсынымдарын жүзеге асыру барысы туралы Әділет министрлігінің есебін отырысында тыңдау *(2019 жылғы желтоқсан)*.

Парламенттік тыңдаулар ұсынымдарының орындалуын қадағалау Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетіне жүктелсін.
